2025 ЖЫЛҒЫ
23-24 СӘУІР

«САЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАЙЫНДАУ МЕН ӨТКІЗУДІҢ ЖӘНЕ САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫ ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі:

2025 ЖЫЛҒЫ 23-24 СӘУІР

Оқу ұзақтығы: **20 академиялық сағат**

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Өкілеттіктерін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері – сайлауды ұйымдастырушылар (56 адам)

КУРСҚА ШОЛУ

PRE-MODULE

Тыңдаушылар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңын, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 Конституциялық заңын алдын ала өз бетінше зерделеп, қайталағаны жөн.

Сонымен қатар, тыңдаушыларға оқыту курсының бағдарламасы, тренерлер туралы қысқаша ақпарат және басқа да қажетті материалдар жолданады

OFFLINE MODULE

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Электоралдық оқыту орталығының базасында оқыту курсының бағдарламасына сәйкес өткізіледі

POST-MODULE

Қатысушыларға оқу барысында игерген білімдері мен дағдыларын бекіту үшін оқыту курсының тақырыбы бойынша материалдар жолданады.

Сертификатталған тыңдаушылар өз өңірлерінде жаңадан игерілген құзыреттерді қолдана отырып, каскадты әдіс бойынша оқыту жүргізеді

МАҚСАТЫ

Сайлауды ұйымдастырушылардың кәсіби құзыреттерін арттыру, сайлау процесін ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша білімді өзектендіру, сондай-ақ жергілікті жерлерде электоралдық оқытуды жүргізу дағдыларын дамыту

МІНДЕТТЕРІ

1) Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасының өзекті өзгерістер мен оларды жетілдіру бағыттарын түсіндіру;
2) қатысушыларды өңірлерде өткен электоралдық науқандардың қорытындылары және сайлауды ұйымдастыру практикасы туралы хабардар ету;
3) сайлау процесі шеңберінде талап-арыз жұмысын жүргізу ерекшеліктерімен таныстыру;
4) сайлау науқандарының барлық түрлерін өткізу кезінде бюджет қаражатын тиімді пайдалану мәселелерін қарастыру;
5) ақпараттандырудың, үгіттеудің, байқаудың және аудандық деңгейдегі әкімдерді сайлаудың негізгі аспектілерін жариялау;
6) мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтары жөніндегі бейнекурсты электоралдық оқыту жүйесінің бөлігі ретінде таныстыру;
7) сайлауды ұйымдастырушыларды электоралдық оқытудың өңірлік практикаларын ұсыну (Қостанай облысы мен Алматы қаласының мысалында)

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Оқыту нәтижелері бойынша қатысушылар заңнама, сайлау науқандарын ұйымдастыру, талап-арыз практикасы, қаржыландыру, ақпараттандыру және байқау мәселелерін қоса алғанда, сайлау процесінің негізгі аспектілері туралы тұтас түсінік қалыптастырады. Сайлау заңнамасының нормаларын қолданудағы кәсіби құзыреттерін нығайтады, сайлау жағдайларын талдау және өтініштермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Инклюзия құралдарын қоса алғанда, электоралдық оқытудың заманауи форматтарымен танысады. Олардың өңірлерде каскадты әдіс бойынша оқыту жүргізуге дайындығы артады

ОҚЫТУДЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қонақ дәрістері, интерактивті пікірталас, brainstorming, тәжірибелік сабақ, топтық жұмыс, case-study

OFFLINE MODULE

Астана қ., Абай даңғылы, 33а. 23-24 сәуір 2025 ж.

ЛЕКТОРЛАР / ТРЕНЕРЛЕР

АЗАМАТ САҒАТҰЛЫ ЖОЛМАНОВ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры

Еңбек жолын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Сыртқы байланыстар және инвестициялар департаментінің сарапшысы лауазымынан бастады. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі, директордың орынбасары, Мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби дамыту институты директорының орынбасары, Академияның Қарағанды облысы филиалының директоры, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Стратегиялық әзірлемелер және халықаралық бағдарламалар департаменті директоры қызметтерін атқарды.

2022 жылдан 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті. 2025 жылдың 27 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры лауазымына тағайындалды.

«Құрмет» орденімен марапатталған

ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы

Мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде мол тәжірибесі бар. Жастар ұйымдарында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған, Батыс Қазақстан облысы әкімінің және Ақжайық ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV, V және VI шақырылымдарының депутаты болып сайланған. 2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, 2024 жылғы қарашадан бастап Орталық сайлау комиссиясының хатшысы. «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған

АЗАМАТ МАҚСОТҰЛЫ АЙМАНАКУМОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

Мемлекеттік қызмет және сайлау органдары жүйесінде еңбек өтілі мол. Атырау облысы әкімінің аппаратында әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған, Махамбет ауданы әкімінің орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымдарын атқарған, сондай-ақ Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясын бес жылдан астам уақыт басқарған. 2024 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі. «Құрмет» орденімен марапатталған

АСЫЛБЕК АЙЖАРЫҚҰЛЫ СМАҒҰЛОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

Құқық ғылымдарының докторы, профессор. Құқық қорғау органдары жүйесінде, ғылыми және заң шығару қызметінде мол тәжірибесі бар. Қаржы полициясы академиясында кафедра меңгерушісі және басшылық лауазымдарда қызмет атқарған, Қазақстан Республикасының Заңнама институтын басқарған. 2016-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты. 2020 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі. 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Бірқатар мемлекеттік органдардың медальдарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған

МИХАИЛ МИХАЙЛОВИЧ БОРТНИК

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

Мемлекеттік және парламенттік қызметте мол тәжірибесі бар. Маңғыстау облысында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған, 2008–2020 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрт шақырылымының депутаты болған. Есеп комитетінде және Жоғары аудиторлық палатада еңбек еткен. 2024 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі. «Құрмет», «Парасат», ТМД ПАА-ның «Содружество» ордендерімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған

ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ СҮЙІНДІК

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

Мемлекеттік ақпарат және коммуникация саласында елеулі еңбек тәжірибесі бар. Ақпарат министрлігінің салалық комитеттерінде және «Хабар» агенттігі» АҚ-та басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. Ұлыбританияда магистратура бағдарламасы бойынша оқудан өткен. 2024 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған

ЛӘЗЗАТ МОЛДАБЕККЫЗЫ ҚАЛТАЕВА

Қазақстандық қоғам қайраткері, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау саласында 30 жылдан астам тәжірибесі бар. «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің және «Мүгедектігі бар адамдардың Орта-Азиялық форумы» заңды тұлғалар бірлестігінің негізін қалаушы және төрайымы. ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2022–2024 жж.), бұған дейін Алматы қалалық мәслихатының депутаты (2016–2021).
«Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, БҰҰ ЭСКАТО-ның «Мүгедектердің құқықтары үшін күрескер» сыйлығымен марапатталған, сондай-ақ «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағына ие

АЛТЫН ҚУАНЫШБЕККҚЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшы-тренері

Филология ғылымдарының кандидаты (лингвист-зерттеуші), қазақ және орыс тілдері бойынша аудармашы, СТ РК ISO 21500-2014 және РК СТ ISO 21502-2022 IV схемасы бойынша ұлттық стандарттарға сәйкес сертификатталған жоба жетекшісі және тренер-кеңесші, IPMA халықаралық стандарты бойынша сертификатталған жоба менеджері, дизайн-ойлау әдіснамасы бойынша сертификатталған фасилитатор, HR-менеджмент бойынша дипломы бар маман, менеджмент, коммуникация, ғылыми зерттеу негіздері мен лингвистикалық зерттеулер салалары бойынша сарапшы-тренер, ғылыми жобалардың кеңесшісі және орындаушысы, ғылыми жарияланымдар мен кітаптардың авторы, 23 жылдық басшылық тәжірибесі бар, жалпы еңбек өтілі — 28 жыл

АЛЕКСАНДР ЮРЬЕВИЧ МАЛАШКО

Қостанай облысы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Мемлекеттік қызмет және сайлау органдары жүйесінде 36 жылдан астам еңбек өтілі бар. Аудандық әкімдікте, экономика басқармасында және Қостанай облысы әкімінің аппаратында түрлі лауазымдарды атқарған. 2019 жылдан бастап Қостанай облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында кәсіби қайта даярлаудан өткен

ДЖАМИЛЯ БАЯНҚЫЗЫ САМБАЕВА

Қостанай облысы аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары

30 жылға жуық еңбек өтілі мен ұйымдастырушылық және сайлау саласында мол тәжірибесі бар. Білім беру, мәдениет және сайлау органдары салаларында қызмет атқарған, соның ішінде Қостанай ауданы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы және Қостанай қаласы аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарған. 2022 жылдан бастап Қостанай облысы аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары болып жұмыс істейді. Электоралдық оқытуға белсенді қатысады, Мемлекеттік басқару академиясында үнемі біліктілігін арттырып отырады

АЙГҮЛ ОРАЗҚЫЗЫ ҚАЛЫҚОВА

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы

30 жылдан астам еңбек өтілі бар, соның ішінде мемлекеттік және ұйымдастырушылық жұмыс саласында мол тәжірибесі бар. Аудандық әкімдіктерде, жұмыспен қамту басқармасында және Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. 15 жылдан астам уақыттан бері сайлау комиссияларының жұмысына

белсене қатысып келеді, 2022 жылдан бастап - Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Электоралдық тренингтердің тұрақты қатысушысы және спикері

СЕРГЕЙ БОРИСОВИЧ ГОНЧАРОВ

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі

Білім беру жүйесінде және сайлау комиссияларында жұмыс тәжірибесі бар. Мұғалім, оқу ісі жөніндегі орынбасар, сондай-ақ Алматы қаласы Алмалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы лауазымдарын атқарған. Қазіргі уақытта Алматы қалалық сайлау комиссиясының мүшесі. Электоралдық оқытуға белсенді қатысады, учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін даярлау әдістемесі, құқықтық реттеу және сайлау практикасы бойынша тренингтер жүргізеді

ӘЙГЕРІМ САҒАТБЕККҚЫЗЫ ТАЖИЕВА

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Электоралдық оқытуды ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі

2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында қызмет атқарады.

«Ерен еңбегі үшін», «Сайлау органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалдерімен марапатталған

ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Электоралдық оқыту орталығының басшысы

Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру саласында мол тәжірибеге ие. 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында әр түрлі лауазымдарда қызмет атқарады. Алматы және Алматы облысындағы Академия филиалдарын басқарды, 2021 жылы Электоралдық оқыту орталығын құру мен ашуға елеулі үлес қосты. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының электоралдық оқыту бойынша 150 тренерді даярлау жөніндегі пилоттық жобасын жүзеге асыруға белсенді қатысты.

Адам ресурстарын басқару саласында сертификатталған тренер-консультант, ассессор (SHL), жобаларды басқару менеджері, ішкі аудитор, сондай-ақ сәйкестік басқару жүйелері (ISO 37301:2021) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (ISO 37001:2025) менеджері.

2025 ЖЫЛҒЫ 23 СӘУІР, СӘРСЕНБІ

Аудитория: **ДӨҢГЕЛЕК ЗАЛ**

08:30 – 08:50	*Қатысушыларды тіркеу*
08:55 – 09:00	**ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ АШЫЛУЫ** **МОДЕРАТОР – ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА**
09:00 – 09:05	**АЛҒЫ СӨЗ** **ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ**
09:10 – 09:50	**САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ** **ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ**
09:50 – 10:30	**ӨҢІРЛЕРДЕ ӨТКЕН САЙЛАУ НАУҚАНДАРЫН ТАЛДАУ** **АЗАМАТ МАҚСОТҰЛЫ АЙМАНАКУМОВ**
10:30 – 11:10	**АҚПАРАТТАНДЫРУ, ҮГІТТЕУ, БАЙҚАУ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӘКІМДЕРДІ САЙЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ** **ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ СҮЙІНДІК**
11:10 – 11:50	**2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДАҒЫ САЙЛАУ ПРОЦЕСТЕРІНДЕГІ СОТ ДАУЛАРЫНА ШОЛУ** **АСЫЛБЕК АЙЖАРЫҚҰЛЫ СМАҒҰЛОВ**
11:50 – 12:30	**САЙЛАУ НАУҚАНДАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ** **МИХАИЛ МИХАЙЛОВИЧ БОРТНИК**
12:30 – 14:00	*Түскі үзіліс*
14:00 – 14:40	**ТЕСТІЛЕУ** **ӘЙГЕРІМ САҒАТБЕККЫЗЫ ТАЖИЕВА**
14:40 – 15:00	**САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ҮШІН МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ САЙЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ БЕЙНЕКУРС ТУРАЛЫ** **ЛӘЗЗАТ МОЛДАБЕККЫЗЫ ҚАЛТАЕВА**
15:00 – 17:20	**САЙЛАУ ПРОЦЕСІН ЖӘНЕ САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ОҚЫТУЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: ҚҰРАЛДАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕР** **АЛТЫН ҚУАНЫШБЕККЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА**
17:20 – 17:30	**ТЕСТІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ** **ӘЙГЕРІМ САҒАТБЕККЫЗЫ ТАЖИЕВА**
17:30 – 17:40	**КЕРІ БАЙЛАНЫС САУАЛНАМАСЫ**

2025 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІР, БЕЙСЕНБІ

Аудитория: **КӨК ЗАЛ**

08:30 – 08:50	*Қатысушыларды тіркеу*
ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ: ЕҢ ҮЗДІК ӨҢІРЛІК ПРАКТИКАЛАР	
09:00 – 11:00	**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫ ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** **АЛЕКСАНДР ЮРЬЕВИЧ МАЛАШКО** **ДЖАМИЛЯ БАЯНОВНА САМБАЕВА**
11:00 – 11:10	*Үзіліс*
11:10 – 12:30	**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ** **АЛЕКСАНДР ЮРЬЕВИЧ МАЛАШКО** **ДЖАМИЛЯ БАЯНОВНА САМБАЕВА**
12:30 – 14:00	*Түскі үзіліс*
14:00 – 16:00	**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫ ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** **АЙГҮЛ ОРАЗҚЫЗЫ ҚАЛЫҚОВА** **СЕРГЕЙ БОРИСОВИЧ ГОНЧАРОВ**
16:00 – 16:10	*Үзіліс*
16:10 – 17:30	**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ** **АЙГҮЛ ОРАЗҚЫЗЫ ҚАЛЫҚОВА** **СЕРГЕЙ БОРИСОВИЧ ГОНЧАРОВ**
17:30 – 17:40	**КЕРІ БАЙЛАНЫС САУАЛНАМАСЫ**
17:40 – 17:50	**ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ** **ЭЛЕКТРОНДЫ СЕРТИФИКАТТАРДЫ ТАБЫСТАУ** **ӘЙГЕРІМ САҒАТБЕККЫЗЫ ТАЖИЕВА** **ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА**

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Бағдарлама бойынша:
Қадыркеева Әнипа Кеңесқызы +7 702 269 57 24
Карибаева Инара Куатовна +7 771 316 98 78
Қатысушылар бойынша:
Ибрайханова Мархабат Серікқалиқызы +7 777 789 27 75

ӨТКІЗУ ОРНЫ

Астана қаласы,
Абай даңғылы, 33а

БІЗ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ

Инстаграм
@apa.kz

Инстаграм
@sailay_edu.apakz

Телеграм
Lifelong learning | APA KZ

РЕСМИ САЙТ:

https://www.apa.kz/

https://www.election.gov.kz/